

22 мамыр 2026 жыл

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ  
2026 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік нәтижелер**

**Астана, 22 мамыр 2026 жыл** – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы, 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік нәтижелерін жариялайды.

**2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 2026 жылғы бірінші тоқсанына арналған негізгі өндірістік көрсеткіштер:**

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 12,0% төмендеп, 5 647 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 0,8% төмендеп, 20 761 мың тоннаны құрады;
- Қазақстандық және румындық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі 5 137 мың тоннамен салыстырғанда 4 992 мың тоннаны құрады.

	1-т. 2026 (ҚМГ үлесі)	1-т. 2025 (ҚМГ үлесі)	%
<b>Өндіру:</b>			
Мұнай және конденсат, мың тонна	5 647	6 416	-12,0%
Газ, млн м3	2 324	2 841	-18,2%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	20 761	20 920	-0,8%
Мұнай өңдеу, мың тонна	4 992	5 137	-2,8%

Өндірістік көрсеткіштер бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-нің иелену үлесіне сәйкес және егер өзгеше көрсетілмесе, толық шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100%-і көрсетілген. Есептеу көрсеткіштері мен нәтижелері дөңгелектеумен көрсетілген. Сонымен қатар есептеулер кезінде дөңгелектеусіз нақты мәндер қолданылды. Компанияның пікірінше, дөңгелектеуге қатысты кез келген мүмкін түзетулер операциялық нәтижелерге материалдық әсер етпеуі керек.

**Көмірсутек шикізатын өндіру**

ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2026 жылдың бірінші тоқсанында 5 647 мың тоннаны (472 мың барр. тәулігіне) құрап, 12,0% төмендеді. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 18,2%, яғни 2 324 млн м<sup>3</sup> дейін азайды. Өндіріс көлемінің төмендеуінің басты себебі осы жылдың қаңтарында Теңіздегі трансформаторлардың өрттенуі болды.

Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна	1-т. 2026 (ҚМГ үлесі)	1-т. 2025 (ҚМГ үлесі)	%
«Өзенмұнайгаз» АҚ	1 234	1 240	-0,4%
«Ембімұнайгаз» АҚ	727	677	+7,4%
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	748	753	-0,7%
Басқа операциялық активтер	806	816	-1,2%
<b>Барлық операциялық активтер</b>	<b>3 516</b>	<b>3 487</b>	<b>+0,9%</b>
«Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз)	1 141	1 874	-39,1%

Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. (Қашаған)	751	761	-1,3%
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (Қарашығанақ)	239	296	-19,2%
<b>Барлық мегажобалар</b>	<b>2 131</b>	<b>2 930</b>	<b>-27,3%</b>
<b>Барлығы</b>	<b>5 647</b>	<b>6 416</b>	<b>-12,0%</b>

#### *Операциялық активтердегі өндіру*

«Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіру 1 234 мың тоннаны құрады, газ өндіру 154 млн м3 құрады, бұл 2025 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысымен салыстырмалы. «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай өндіру 727 мың тоннаға дейін 7,4% өсті, газ өндіру 87 млн м3 дейін 55,1% өсті. 2025 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда «Ембімұнайгаз» АҚ-да өндірістік көрсеткіштердің өсуі өткен жылдың соңында Батыс Прорва кен орнында алғашқы іске қосу кешенінің іске қосылуымен байланысты. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнай өндіру 748 мың тоннаны құрады, газ өндіру 121 млн м3 құрады, бұл 2025 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысымен салыстырмалы.

Басқа операциялық активтерде мұнай мен газ конденсатын өндіру 1,2% төмендеп, 806 мың тоннаны құрады, газ өндіру 293 млн м3 дейін 5,1% ұлғайды. Газ өндірудің ұлғаюы «Орал Ойл энд Газ» ЖШС-ның Рожков газ конденсатты кен орнын өнеркәсіптік игеруге енгізілуімен байланысты. Бұл ретте мұнай өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС және PetroKazakhstan Inc жетілген кен орындарында қорлардың табиғи сарқылуына байланысты төмендеп барады.

#### *Мегажобалардағы өндіру*

Теңізде мұнай өндіру 39,1% төмендеп, 1 141 мың тоннаны (тәулігіне 101 мың баррель) құрады. Ілеспе газ өндіру 35,7% азайып, 678 млн м<sup>3</sup> құрады. Көрсеткіштердің төмендеуі КТК тарапынан мұнай қабылдаудың шектелуімен, сондай-ақ 2026 жылдың қаңтарында Болашақ кеңейту жобасы объектілеріндегі трансформаторлардың тұтануымен байланысты, бұл өндірістік қуаттардың толық жүктелмеуіне әкелді; жобалық өндіріс 2026 жылдың наурыз айының соңында қалпына келтірілді.

Қашағанда мұнай өндіру 751 мың тоннаны (тәулігіне 66 мың баррель) құрап, 1,3% төмендеді. Газ өндіру 14,0% азайып, 429 млн м3 құрады. Көрсеткіштердің ауытқуы КҚК жүйесінің шығатын айлақ құрылғыларының (ШАҚ) жұмысын уақытша шектеумен байланысты.

Қарашығанақта мұнай мен конденсат өндіру 19,2%-ға азайып, 239 мың тонна (тәулігіне 21 мың баррель) құрады. Бұл ретте резервуарға кері айдауға дейін газ өндіру 17,9% төмендеп, 562 млн м3 құрады. Төмендеу КҚК жүйесіне мұнай қабылдаудың тұрақсыздығымен және Орынбор ГӨЗ тарапынан шикі газ қабылдаудың шектеулілігімен байланысты.

#### **Көмірсутек шикізатын тасымалдау**

Мұнайды магистральдық және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі өткен жылмен салыстырмалы деңгейде қалып, 20 761 мың тоннаны құрады.

Мұнай тасымалдау <sup>1</sup> , мың тонна	1-т. 2026 (100%)	1-т. 2026 (ҚМГ үлесі)	1-т. 2025 (ҚМГ үлесі)	%
«ҚазТрансОйл» АҚ	11 744	11 744	10 911	+7,6%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	4 953	2 477	2 424	+2,2%

«Мұнайтас» СБҚК ЖШС	1 608	820	754	+8,7%
Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК)	13 415	2 784	3 704	-24,8%
<b>Құбырлар арқылы барлық тасымалдау</b>	<b>-</b>	<b>17 824</b>	<b>17 792</b>	<b>+0,2%</b>
Каспий теңізі	520	520	456	+14,0%
Ашық теңіздер <sup>2</sup>	2 417	2 417	2 672	-9,5%
<b>Теңіздегі барлық тасымал</b>	<b>-</b>	<b>2 937</b>	<b>3 128</b>	<b>-6,1%</b>
<b>Барлығы</b>	<b>-</b>	<b>20 761</b>	<b>20 920</b>	<b>-0,8%</b>

<sup>1</sup> Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдауы мүмкін және сәйкесінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.

<sup>2</sup> Ашық теңіздерге Қара және Жерорта теңіздері жатады

Магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау көлемі 0,2%-ға ұлғайып, 17 824 мың тоннаны құрады. Өсім Атырау–Самара (ҚТО) және Атасу-Алашанькоу (ҚҚК) бағыттарында жеткізілімдердің ұлғаюына байланысты. Бұл ретте динамика 2026 жылғы қаңтарда ШАҚ жұмысын уақытша шектеу салдарынан КҚК жүйесі арқылы тасымалдау көлемінің төмендеуімен ішінара теңестірілді.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 2 937 мың тоннаны құрап, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6%-ға төмендеді. Төмендеуі Қара теңіз акваториясындағы тасымалдау көлемінің қысқаруымен байланысты, бұл Aframax типті кемелермен тасымалданатын партиялар үлесінің азаюы және Suezmax кемелеріне көшуімен, сондай-ақ Мидия порты бағытындағы жөнелтілімдердің қысқаруымен байланысты. Aframax типті кемелерді Қара теңізден тыс бағыттарға қайта бөлу қаржылық нәтижелердің жақсаруына ықпал етті.

Сонымен қатар Каспий теңізі арқылы мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюы өткен жылдың ұқсас кезеңінде «Тараз» танкерін пайдаланудан уақытша шығару салдарынан болған төмен база әсеріне байланысты.

### Жүк айналымы

Жүк айналымы, млн тонна*км	1-т. 2026 (100%)	1-т. 2026 (ҚМГ үлесі)	1-т. 2025 (ҚМГ үлесі)	%
«ҚазТрансОйл» АҚ	8 635	8 635	8 704	-0,8%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	4 514	2 257	2 168	+4,1%
«Мұнайтас» СБҚК ЖШС	666	339	324	+4,9%
Каспий Құбыр Консорциумы	17 258	3 581	5 046	-29,0%
<b>Жиыны:</b>	<b>-</b>	<b>14 813</b>	<b>16 242</b>	<b>-8,8%</b>

Мұнай айналымы 8,8% төмендеп, КҚК жүйесі арқылы мұнай тасымалдау көлемінің азаюы есебінен 14 813 млн тонна\*км құрады.

### Көмірсутек шикізатын өткізу және жеткізу

ҚМГ үлесіне тиесілі өндірілген мұнай мен газ конденсатын өткізу мен жеткізу көлемі 9,4% төмендеп, 5 740 мың тоннаны құрады, оның 62,7%-ы экспортқа шығарылды. Ішкі нарық қажеттіліктерін жабу үшін мұнай мен газ конденсатын ішкі нарыққа жеткізу 2 142 мың тонна құрады, оның ішінде мұнай өнімдерін одан әрі өңдеу және өткізу үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПКОП) 1 439 мың тонна көлемінде операциялық активтердің («Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ «Қазақтүрікмұнай» ЖШС және «Өріктау Оперейтинг» ЖШС шикі мұнайы жеткізілген.

## Көмірсутек шикізатын өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна <sup>1</sup>	1-т. 2026 (ҚМГ үлесі)	1-т. 2025 (ҚМГ үлесі)	%
АМӨЗ	1 478	1 423	+3,8%
ПМХЗ	1 601	1 545	+3,6%
ПҚОП	654	756	-13,5%
Caspi Bitum	8	-	-
<b>Барлық қазақстандық МӨЗ</b>	<b>3 740</b>	<b>3 724</b>	<b>+0,4%</b>
Петромидия	1 188	1 338	-11,2%
Вега	64	75	-15,1%
<b>KMG International МӨЗ жиыны</b>	<b>1 252</b>	<b>1 413</b>	<b>-11,4%</b>
<b>Жиыны:</b>	<b>4 992</b>	<b>5 137</b>	<b>-2,8%</b>

<sup>1</sup>: ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесіне, қалған зауыттарда – 100% үлесіне көрсетілген.

2026 жылдың бірінші тоқсанында КСШ өңдеудің жалпы көлемі 4 992 мың тоннаға жетті, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 2,8% төмен:

- Қазақстандық МӨЗ-де қайта өңдеу көлемі 3 740 мың тоннаға дейін 0,4% өсті, өсуге АМӨЗ және ПМХЗ тұрақты жұмысы ықпал етті, бұл ретте ағымдағы жылдың наурыз айының соңында ПҚОП-қа жоспарлы күрделі жөндеу жүргізу көлемінің жалпы өсімін теңестірді.
- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 11,4%-ға азайып, 1 252 мың тоннаны құрады. Өңдеу көлемінің төмендеуі Петромидия зауытында жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге байланысты болды, ол 25 күнге созылды және ағымдағы жылдың 27 наурызында сәтті аяқталды.

## Мұнай өнімдерін өндіру

Мұнай өнімдерін өндіру, мың тонна		1-т. 2026 (ҚМГ үлесі)	1-т. 2025 (ҚМГ үлесі)	%
Қазақстандық МӨЗ	Бензин	1 320	1 314	+0,5%
	Дизель	1 289	1 131	+14,0%
	Басқалары	824	948	-13,1%
	<b>Жиыны:</b>	<b>3 433</b>	<b>3 393</b>	<b>+1,2%</b>
KMG International МӨЗ	Бензин	320	400	-20,0%
	Дизель	526	534	-1,6%
	Басқалары	337	431	-21,7%
	<b>Жиыны:</b>	<b>1 182</b>	<b>1 364</b>	<b>-13,3%</b>
<b>Жиыны:</b>	Бензин	1 640	1 714	-4,3%
	Дизель	1 815	1 665	+9,0%
	Басқалары	1 161	1 379	-15,8%
	<b>Жиыны:</b>	<b>4 616</b>	<b>4 758</b>	<b>-3,0%</b>

Қазақстандық және румындық зауыттарда мұнай өнімдерін өндірудің жиынтық көлемі 3,0% азайып, 4 616 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық МӨЗ-де өнім шығару 3 433 мың тоннаға дейін 1,2% ұлғайды.
- Румынияда (KMG International) «Петромидия» және «Вега» зауыттары Петромидия зауытының жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге байланысты тоқтауы өндірісті 1 182 мың тоннаға дейін 13,3% қысқартты.

## ҚМГ меншікті мұнай өнімдерін сату, мың тонна<sup>1</sup>

	1-т. 2026			1-т. 2025			%		
	ішкі нарық	эксп.	барлығы	ішкі нарық	эксп.	барлығы	ішкі нарық	эксп.	барлығы
Бензин	502	-	502	502	-	502	-0,1%	-	-0,1%
Дизель	469	-	469	440	-	440	+6,6%	-	+6,6%
Басқалары	339	81	420	338	119	457	+0,2%	-32,0%	-8,1%
<b>Жиыны:</b>	<b>1 310</b>	<b>81</b>	<b>1 391</b>	<b>1 281</b>	<b>119</b>	<b>1 400</b>	<b>+2,3%</b>	<b>-32,0%</b>	<b>-0,6%</b>

<sup>1</sup> ҚМГ корпоративтік орталығы бас компанияның функцияларын орындаумен қатар кейіннен өндірілген мұнай өнімдерін сата отырып, еншілес және тәуелді ұйымдардан (ЕТҰ) мұнай сатып алу және өңдеу жөніндегі операциялық қызметті жүзеге асырады.

Қазақстанда өндірілген ҚМГ корпоративтік орталығының өз мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізу көлемі 0,6% азайып, 1 391 мың тоннаны құрады. Сату көлемінің төмендеуі мазут экспортының төмендеуімен байланысты.

### Полипропилен: өндіру және сату

Полипропилен өндіру және сату, мың тонна	1-т. 2026 (ҚМГ үлесі)	1-т. 2025 (ҚМГ үлесі)	%
<b>Өндіру</b>	<b>47,8</b>	<b>47,7</b>	<b>+0,3%</b>
Сату:			
Ішкі нарық	5,0	4,0	+24,3%
Экспорт	38,6	40,7	-5,2%
<b>Барлық сатылғаны</b>	<b>43,6</b>	<b>44,7</b>	<b>-2,6%</b>

Полипропилен шығару өткен жылмен салыстырғанда 47,8 мың тоннаға дейін 0,3% ұлғайды, шамалы өсуі Теңіз кен орнынан пропанның тұрақсыз жеткізілуімен байланысты.

Полипропилен сатудың жалпы көлемі 2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 2,6% қысқарып, 43,6 мың тоннаны құрады:

- Полипропиленді ішкі нарыққа өткізу көлемі 24,3% ұлғайды және сұраныстың артуы аясында 5,0 мың тоннаны құрады.
- Экспортқа полипропилен өткізу көлемі 5,2% азайып, 38,6 мың тоннаны құрады. Сонымен қатар, негізгі бренд өнімдерінің көлемі Қытай нарығынан тиімдірек еуропалық нарыққа ауысты.

Егжейлі-тегжейлі ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: <http://www.kmg.kz/>

**Байланыс телефондары:**

ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 64 34

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ) Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау, өңдеу және мамандандырылған қызметтерді көрсетуге дейін барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылды, еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүдделерін білдіреді.

ҚМГ негізгі активтеріне мыналар жатады:

**Барлау және өндіру:** «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) – 100%, «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) – 100%, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) – 100%, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ӨО) – 100%, Дунга<sup>1</sup> – 60%, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) – 50%, «Қазгермұнай» БК ЖШС (ҚГМ) – 50%, PetroKazakhstan Inc. – 33%, «Қаражанбасмұнай» АҚ (КБМ) – 50%, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА) – 50%, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС (ООГ) – 50%, «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) – 20%, Қарашығанақ<sup>2</sup> – 10%, Қашаған<sup>3</sup> – 16,88%.

**Тасымалдау:** «ҚазТрансОйл» АҚ – 90%, «Батуми мұнай терминалы» ЖШС – 100%, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚҚ) – 50%, «МұнайТас» СБҚК ЖШС – 51%, Каспий Құбыр Консорциумы<sup>4</sup> (КҚК) – 20,75%, «ҚазТеңізКөлікФлоты» ҰТКҚК ЖШС (ҚТКФ) – 100%.

**Өңдеу және маркетинг:** «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) – 100%, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) – 99,53%, KMG International N.V. – 100%, Петромидия – 54,62%, Вега – 54,62%, «KMG PetroChem» ЖШС – 100%, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПКОП)<sup>5</sup> – 49,72%, «Caspi Bitum» БК ЖШС (Caspi Bitum) – 50%, «КС Energy Group» ЖШС – 49%, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (КПИ) – 49,5%, «Силлено» ЖШС<sup>6</sup> – 40%.

**Басқалары:** «KMG Drilling & Services» ЖШС – 100%, «Oil Services Company» ЖШС – 100%, «Oil Construction Company» ЖШС – 100%, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС – 100%, «KMG Systems & Services» ЖШС – 100%, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ) – 100%, «ҚазРосГаз» ЖШС (КРГ) – 50%.

---

<sup>1</sup> Dunga Operating GmbH – 100% шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, ол Доңға жобасы бойынша өнімді бөлу туралы шарттағы үлестің 60%-ын иеленеді.

<sup>2</sup> «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС – 100% шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, ол Қарашығанақ жобасы бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің 10% үлесін иеленеді.

<sup>3</sup> «ҚМГ Қашаған» ЖШЖК – 100% шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, ол Солтүстік Каспий жобасы бойынша өнімді бөлу туралы келісімнің 16,88% үлесін иеленеді.

<sup>4</sup> Үлестің 19%-ы ҚМГ-ге тікелей тиесілі, 1,75%-ы Қазақстан Пайплайн Венчурс ҚБ бірлескен кәсіпорны арқылы тиесілі.

<sup>5</sup> 49,72% - Valsera Holdings B.V. 50% иелену арқылы сатылатын жанама қатысу үлесі, ол өз кезегінде «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПКОП) 99,43%-ына иелік етеді. ПКОП-қа қатысты Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік нәтижелерін бағалау кезінде өндіріске 50% қатысу үлесі ескеріледі.

<sup>6</sup> Үлестің 29,9%-ы ҚМГ-ға тікелей, 10,1%-ы «KMG PetroChem» ЖШС еншілес кәсіпорны арқылы тиесілі.